



5 маусым күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, жаратылыстану-география факультетінде «М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің зоологиялық мұражайына 80 жыл» атты биология және экология кафедрасының кеңейтілген ғылыми-әдістемелік семинары өтті.

Зоологиялық мұражайға 80 жыл



90 жылға жуық тарихы бар университеттің алғаш негізін қалаған жаратылыстану-география факультетінде, 1938 жылы зоология кафедрасы ашылып, 1939 жылы ғалым Арнольд Штамм басшылығымен зоология мұражайы ашылады. Содан бері қызметін үзбей жалғастырып келе жатқан ғылыми орталыққа талай ғалымдардың еңбегі сіңді. Атап айтсақ, 1951-1968 жылдары Авлей Алексеевич Цыганковтың бастамасымен мұражайға көптеген экспонаттар әкелініп, жаңашылдықтар жүргізілген. Бүгінгі таңда, студенттерге септігін тигізіп отырған мұражай 3 үлкен залдан тұрады. Өткен жылы университет ректоры Н.Х.Серғалиев өз қызметіне тағайындалғаннан бастап, мұражай жұмысын жеке бақылауына алып, әр бастамаларына қолдау танытып келеді.

Аталған шарада алғы сөз алған б.ғ.к., Кайсағалиева Гүлжахан Смаиловна қатысушыларды Айт мерекесімен құттықтап, мұражай мерейтойында көргеніне қуанышты екендігін жеткізді. Сапалы студент тәрбиелеуде, сүлдір сөзден, бейнелі дүниенің маңыздылығын алға тартып, осы орайда мұражайдың ғылымға құштар жастарды баулуға қосар үлесінің ұшан-теңіздігін айтты.

Семинардың бас ұйымдастырушысы аға оқытушы, ардагер-ұстаз Булатова К.Б. өткен күнге көз жүгіртіп, бүгінгі бастамалармен бөлісті.

Зоологиялық мұражайдың 80 жылдығына Г.М.Мулдашева, Р.И.Кужекова, Э.А.Донскова, С.М.Мудатов, Г.Ш.Хибашева, Вера Леонтьевна, С.Ф.Бидашко және Орал қалалық обаға қарсы күрес станциясының қызмекерлері мен оқытушы-ғалымдар қатысты. Шара соңында университет мұражайына Ф.Г.Бидашконың қызы бірнеше қорап экспонаттарды сыйға тартты.

Қала мектептерінің алғашқы ағымы М.Өтемісов атындағы БҚМУ мен Жәңгірхан атындағы БҚАТУ-да Ұлттық бірыңғай тестілеуден өтті.

Сынақтың сағат 9:00-де басталарына қарамастан, ертемен 7:00-ден бастап ата-аналары мен ұстаздары жетелеген оқушылар бас ғимаратты қауғалады. «Баласы бәйгеге шапса, анасы тақымын қысады» демекші, түлектерден қарағанда ата-аналардың жүзінен қобалжу көбірек көрінді. Баласы үкілеген үмітін ақтап, жоғары балл жинаса, тегін білім грантына бәрі де дәмелі. Мысалы, осынау күні қызы тестілеуге кірген Әсел ханым:

- Отбасымызбен көрер таңды көзімізбен атырдық. Әкесі екеуміз, қызымызға бірнеше мәрте салқын қанды, әрі ұстамды болудың жолдарын түсіндірдік. Бастысы 11 жылдық білімін бағалайтын, сан алуан курстардың сапаға әсерін көрсететін бұл сынақ, баламыздың



ҰБТ – алынбас асу емес

болашаққа бастауы, - дейді.

БҚМУ-дың бас ғимараты алдында оқушыларды аудиториялары бойынша топтастырып, кейін арнайы құралдар арқылы тексеріп, тыйым салынған бұйымдарды тестілеуге қатысушылардың қалталары мен жасырын орындардан тәркіледі. Осы жерде ұялы телефондардың түрлі модельдерін, калькулятор, «келеді-ау» деген сұрақтардың жауабы мен формулалары бар қосымшалар, тіпті, энергетикалық сусындар да шығып жатты. Дәліздерде дәрігерлер кезекшілік етті.

Балалардың көңіл-күйі де әртүрлі болды. Бірі күліп, қуанышты кейіп танытса, енді бірі алаңдаулы, әрі салқынқандылық танытты. Сыйынғандары да көзге шалынды.

Алғашқы ағымда 600 оқушы тестілеу тапсырды, оның

309-ы қала мектептерінің, ал қалғандары Бәйтерек ауданының түлектері болды. М.Өтемісов атындағы БҚМУ қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Аманбаев Асқар Сайынұлының сөзінше, биылғы ҰБТ – бұрынғыдан өзгереді, - дейді:

- Ағымдағы ҰБТ өткен жылдан қарағанда ерекшеленеді, бітірушілерге жоғары оқу орындарына түсуге мүмкіндік жоғары. Егер 15 жыл бойы ҰБТ-ны балалар жылына бір рет ғана өткізсе және олардың тағдыры шешілсе, биылғы оқу жылында балалар екі рет - қаңтар және наурыз айларында тестілеуден өтті және табысталған ұпайлар саны бойынша олар қазірдің өзінде ақылы бөлімге оқуға түсе алады. Бүгінгі тестілеуден өткендердің әрқайсысы өз қолдарында куәліктерге ие, бұл – олардан психологиялық стрессті жояды. Басты айырмашылық – қазір мектептер

ҰБТ-дан бөлек, сол себепті бүгінгі күні оқушылар өздері дайындалды, біреуі оқу орталықтары мен курстардан өтсе, біреуі оқытушылар жалдаған. Қалғанының барлығы өзгеріссіз, тестілеу уақыты - 3 сағат 50 минут, 5 пән, 120 тапсырма, максималды балл 140, шекті деңгей 50 балл, ұлттық университеттер мен медициналық мамандықтар үшін - 65. 14 адамнан тұратын комиссия Білім министрлігінен, - деді Асқар Аманбаев.

Университеттің ауласында ата-аналар үшін онлайн-трансляция ұйымдастырылды, ҰБТ-ны жетілдірумен қатар, кез-келген адам смартфонды пайдалана алады. Мұны істеу үшін университеттің веб-сайтына өтіп, сілтемені нұқып, аудиторияны таңдайды. Сынақ нәтижелерін сайттан табуға болады. Барлық аудиторияларда байланыс желісі ажыратылды.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 30 мамыр күні ардагерлер кеңесінің отырысы өтті. Білім ордасының басшысы Н.Х.Серғалиев алғы сөз алып, қарттарды қазынаға теңеп, жиналысты жақсы жаңалықтан бастады. Жуырда ғана университетіміз аккредиттеуден өткендігін, бүгінгі келген қортынды бойынша келесі аккредиттеу 5-7 жыл көлемінде өтетіндігін зор қуанышпен жеткізді.

Ардагерлермен ақылдасқан күн...



Ардагерлер кеңесінде негізгі 2 мәселе қозғалды. Біріншісі, университет қазіргі таңда қандай жұмыстар атқаруда? Ал, екіншіден, ардагер ұстаздардың ұсыныстары мен лебіздеріне құлақ салу болды. Ректор Нұрлан Хабиболлаұлы бір жыл көлемінде атқарылған жұмыстарға тоқтала отырып, қысқаша есебімен таныстырды. 90 жылға жуық тарихы бар университеттің бүгінгі күні алға қойған мақсаттары мен стратегиялық жоспарларын ардагерлерге алға тартты. Университеттің тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Түймеш Малбағарқызы отырған әр ардагердің ұжым үшін қымбаттылығын, 65 пен 95 аралығындағы асыл қазыналардың ақыл-кеңестерінің маңыздылығын айтып, өмірден өткен орны толмас тұлғаларды да есіне алды.

Білім ордасының басшысының есебінен соң кеңес мүшелері өз ойларымен ашық бөлісті. Т.Т. Кубашев: Бүгін, мен, ректорымызды басқа қырынан танып отырмын.

Бәрімізге де жаңашылдықты қолдау керек. Көршілес мемлекеттердің білім бағдарламасына қарай отырып, бәсекеге қабілеттілік таныту қажет. Еуропаға ғана емес, Азияның озық тәжірибесіне де назар аудару қажет, - деді. Наурыз Ахметұлы тіл мәселесіне байланысты ой қозғаса, Меруерт Жолдыкаирова өмірден өткен ардагерлерді еске алу кештерін ұйымдастыру мен ескерткіш орнату туралы тілектерін білдірді. Б.Молдағалиев, К.Тастаев бүгінгі қарашаңырақтың ахуалына ризашылықтарын білдіріп, алдағы уақытта одан әрі даму керектігін айта отырып, басшылыққа ыстық ықыластарын жаудырды. Осыған дейін Ардагерлер кеңесінің төрағасы болған 95 ке қарай жол салған Қ.Ж.Сүйіншәлиев өзінің денсаулық жағдайына байланысты қызметтен кеткісі келетіндігін жеткізді. Осы орайда кеңес мүшелері бірауыздан М.С. Хусаиновты тағайындады. Шара соңында Қалам Жұмашұлына алғыс хат пен гүл шоқтары табыс етілсе, қалған ардагер ұстаздарға университет атынан шағын сый ұсынылды.

220 лет

великому поэту!

6 июня исполнилось 220 лет великому русскому поэту - Александру Сергеевичу Пушкину, чье имя на протяжении полувека носил наш Уральский педагогический институт (ныне ЗКГУ им. М.Утемисова). Преподаватели, студенты и гости университета возложили цветы к памятникам А.С.Пушкина и Абая перед зданием учебного корпуса.



Творчество поэта до сих пор восхищает современников. Присутствующие читали стихи основателя русской поэзии и произведения классиков, посвященные поэту. А также студенты отвечали на вопросы викторины по творчеству поэта. Преподаватели университета делились своими размышлениями о Пушкине, читали отрывки из стихов. Отрадно отметить, что преподаватель ЗКГУ, доцент Галина Герасимовна Гурьева награждена юбилейной медалью А.С.Пушкина в Москве Президиумом Российского союза писателей как участник Антологии русской прозы. Медаль учреждена и приурочена в юбилейный год 220-летия поэта. От всего сердца поздравляем нашего коллегу и желаем дальнейших творческих успехов!



Кездесуге жас ғалымның университет қабырғасында білім алған уақытындағы ұстаздары мен достары, алғаш еңбек жолын бастаған сәттегі қызметтес әріптестері, физика-математика факультетінің профессор-оқытушылары мен студенттері қатысты.

30-дан асып орда бұзған Нұрхат Жакиев Батыс Қазақстандағы Сырым ауданының тумасы. Мектепті үздік төмамдаған соң, 2001 жылы БҚМУ-дың физика-математика факультетіне оқуға түсіп, 2005 жылы үздік дипломмен бітіреді. Ғылым жолына деген қызығушылық Нұрхат Қуандықұлын магистратурада білімін жетілдіруге итермелейді. Жоғарғы оқу орнынан соң бірнеше жыл университетімізде қажырлы еңбек етіп, облыста жас ғалымдар кеңесінің негізін қалайды. БҚМУ үшін атқарған алуан жұмыстары жемісін берген сәтте, 2011 жылы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-не докторантураға білім алуға аттанады. Қажырлы еңбектің арқасында диссертациялық жұмысты уақытылы сәтті аяқтап, 2015 жылдан бастап Назарбаев университетінің ғылыми қызметкері болып жұмыс істейді.

Түлегімізбен мақтанамыз!

28 мамыр күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да «100 жаңа есім» жобасына енген жас физик-ғалым, физика ғылымы бойынша (PhD) доктор, университет түлегі Нұрхат Жакиевпен «Түлегімізбен мақтанамыз» атты кездесу кеші өтті.



Бүтін санды сызықтық программалауды пайдаланып энергожүйенің компьютерлік модельдерін жасаған, онысы инвестициялық және операциялық сценарийлік талдау жасауға мүмкіндік береді. Зерттеулер ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Ұлыбритания корольдік инженерлер қоғамының, ҚР Тұңғыш – Елбасы қорының ғылыми зерттеулерге бөлген гранттары аясында жасалған. Жұмыстардың нәтижесі халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесіне қойылды. Нәтижелер жоғары рейтингілі “Energy Procedia”, «Energy Conversion and Management» (Impact Factor: 5.589) және “The Energy” (Impact Factor: 4.520) журналдарында жарияланған. 15-тен аса ғылыми жарияланымдары, ЭЕМ-ге арналған программаларға 5 авторлық куәлігі және бір патенті бар.

Нұрхат Қуандықұлы Халықаралық Энергетика

Қауымдастығы ұйымдастырған энергомоделістер форумында (Брюссель, 2018), Еуропалық Комиссия ұйымдастырған энергомодельдеу сарапшыларының сессиясында (Афины, 2016) баяндама жасаған. Ньютон-Эл Фараби серіктестік бағдарламасының семинарын ұйымдастырған (Астана, 2016). БҰҰ Шектемелі Конвенциясына климаттың өзгеруі туралы VII ҚР Ұлттық хабарламасы мен Біріккен ұлттар ұйымының даму бағдарламасының өнеркәсіптік процестер бойынша ұлттық сарапшы ретінде парниктік газдар шығарылуын болжаудың екі жылдық баяндамасын дайындауға қатысқан. Халықаралық статистикалық сауаттылық қоғамының еліміздегі үйлестірушісі. Польша, Великобритания, Германия елдерінде ғылыми тағылымдамадан өткен.

Бүгін - XX ғасырдың басында талайды сарсаңға салып, қасірет шектірген саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Атаулы күн Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 1997 жылдан бастап атап өтіліп келеді. Осынау айтулы датада М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Жаратылыстану-география факультетінде Қазақстан тарихы кафедрасы мен «Рухани жаңғыру» институтының қолдауымен «Даланың көз жасы» тақырыбындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған дөңгелек үстел өтті.

Даланың көз жасы

Алдымен №5 оқу ғимаратының дәлізінде факультеттің профессор-оқытушылары мен студенттерінің қатысуымен Шахзада Шонанованы еске алу рәсімі өтіп, ескерткіш тақтаға гүл шоқтары қойылды. Боранбаева Бақтылы Сансызбайқызы, Сүлейменова Дәметкен Досмұханқызы, Байбулсинова Альфия Сабырғалиқызы, Қатарова Рысгүл Асхатқызы, Даришева Түймеш Малбағарқызы, Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы, Шайхиев Тұрар Төлегенұлы сынды ғалым-ұстаздар нәубет заманның зардаптары мен бүгінгі ұрпақтың тарихи оқиғаларды жадына сіңіру мәселелерін қозғады.

Кеңес билігінің бастапқы жылдарында аграрлық, көшпелі ел түбегейлі

өзгеріске ұшырады. Жаппай индустрияландыру мен қала санының артуы шаруалардың материалдық ресурсының жойылуына әкеліп соқты. Қазақстан компартиясының көшбасшысы Филипп Голощекин 1927 жылы «Кіші Қазан» төңкерісін жариялады. Бұл ұжымдастыру мен көшпелі қазақтың отырықшылық өмірге бейімделуін танытты. Асыра сілтеу мен халықтың қолындағы малды тартып алып қою салдарынан 1932-33 жылдары Қазақстанда бір жарым миллион адам көз жұмды. 600 мыңға жуық қазақ елін тастап, көшіп кетті. Биліктің мұндай саясаты кей өңірлерде қарулы бас көтеруге әкеп соқты, алайда ол аяусыз басып-жаншылды. Зиялы қауым партия қайраткерлерінің қателігі мен асыра сілтеуін қатты сынға алды. Кеңес билігі азаматтық соғыс жылдарындағы ұлт тәуелсіздігіне белсене қатысқан «Алаш Орда» қозғалысының көптеген қайраткерін тізімге алып отырды. 1928 жылы Ахмет Байтұрсынов, Міржақыпов Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Ғаббасов сынды 44 «буржуаз ұлтшыл» қамауға алынды. 1930 жылдың қыркүйегінде Мұхамеджан Тынышпаев, Халел Досмұхамедов, Жақып Ақбаев сынды бірқатар қазақтың қаймағы тағы қамауға алынды (барлығы - 40 адам). Олардың бір бөлігі Ресей территориясына ит

жеккенге айдалды. 1937-38 жылдары қазақтың көрнекті қайраткерлерінің барлығы репрессияланды. Сондай-ақ репрессия құрбандары ішінде Тұрар Рысқұлов, Нығмет Нұрмақов, Сұлтанбек Қожанов, Ұзақбай Құлымбетов, Ораз Жандосов, Әбілхайыр Досов, Смағұл Сәдуақасов, Темірбек Жүргенов, Әлихан Бөкейханов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Құдайберген Жұбанов, Санжар Асфендияров та бар. Бүгінгі таңда Қазақстанның орталық көшелеріне, мемлекеттік мекемелеріне осы қоғам қайраткерлері мен қазақтың көрнекті азаматтарының аты берілген. Олардың еңбектерін оқушылар, студенттер оқып, ғалымдар зерттейді. Олардың құрметіне мемлекетте мемориалдық кешендер орнатылып, ескерткіштер ашылған. Тарихшылардың мәліметі бойынша, 1937-38 жылдары советтік Қазақстанда 118 мың адам сотталған. Олардың 25 мыңына ату жазасы кесілген. Сотталғандар арасында совет саясатына қарсылық білдірген ұлт оппозициясының көшбасшылары да болды. Мамандардың пікірінше, сол кезеңдегі тарихи мәліметтердің ақтаңдақ тұстары әлі де көп. Кеңес заманында Қазақстан территориясында ірі еңбекпен түзеу лагері - Карлаг жұмыс істеп тұрды. Онда қамалғандар ауылшаруашылығы, индустриальдық өндірістегі ауыр

жұмыстарға жегілді. Карлагта бір миллионнан астам тұтқын болған. Сондай-ақ елімізде саяси маңыздағы АЛЖИР - отанын сатқандардың әйелдері тоғытылған Ақмола лагері болды. Ондағылар жан жолдасының саяси қылмысы үшін жазасын өтеді. Осы жылдары көптеген ұлт жаппай Қазақстанға қоныс аударылды. 1937 жылы күзде жүз мыңдаған корей, түрік, ирандық, күрд және әзірбайжандар елімізге кеп қоныс тепті. Сонымен қатар Ұлы Отан соғысы жылдары елімізге немістер, гректер, шешендер, ингуштар, қарашайлар, балқарлар, қырым татарлары және басқа ұлттар депортацияланды. Олардың жалпы саны 1 миллион 200 мыңды құраған. КСРО-да 1986 жылы өткен шеруге қатысушылар да тәуелсіз Қазақстанда саяси репрессия құрбандары қатарына жатқызылады. Бұл оқиғаның өрбуіне Қазақ КСР ОК бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевтың орнынан алынуы және оның орнына Геннадий Колбиннің тағайындалуы түрткі болған. Желтоқсанда елде жаппай наразылық акциясы өтті, бірақ ол аяусыз басып-жаншылды. Қамауға алынғандар саны 8,5 мың адамнан артады. Бұл оқиға мемлекеттің саяси өміріндегі демократияның бастауы боп табылады. Өйткені одан кейінгі бес жылдан соң тәуелсіз Қазақстан мемлекеттік егемендігін жариялады.



Сегодняшнее мероприятие озаменовано большим событием в жизни Университета: на днях старейший вуз Казахстана - флагман науки и образования региона - Западно-Казахстанский государственный университет имени Махамбета Утемисова – решением Независимого агентства аккредитации и рейтинга (НААР) успешно прошел международную институциональную аккредитацию на 7 лет! Это большое достижение коллектива Университета. Около 90 лет ведущий Университет региона успешно реализует задачи подготовки современных кадров в сфере образования, экономики и культуры.

ЛЕТНЕМУ СЕМЕСТРУ СТАРТ ДАН!

Год назад возглавил университет ученый, кандидат биологических наук, ассоциированный профессор Нурлан Хабибуллин Сергалиев.

Более 70 тысяч выпускников ЗКГУ, среди которых выдающиеся ученые и государственные деятели, являются гордостью и бесценным наследием вуза. На них равняются сегодня более 5000 студентов, обучающихся в стенах Альма матер.

С каждым годом растет известность университета - ЗКГУ им. М.Утемисова сегодня узнаваем и получил признание за рубежом.

ЗКГУ сегодня – это уважаемые ветераны, ученые, студенты - отличники учебы, победители международных конкурсов, республиканских олимпиад, универсиады, руководители молодежных организаций и объединений.

Большую роль в жизни вуза играют Студенческие строительные отряды, которые около 15 лет помогают студенческой молодежи расти и находить свое место в созидательной жизни страны.

Сегодняшний традиционный студенческий форум, посвященный открытию летнего трудового семестра, особенный - в рамках Года молодежи Казахстана руководство ЗКГУ доверило студенческому стройотряду свои важнейшие объекты – это строительство нового студенческого общежития, озеленение и благоустройство учебных корпусов и много др. участков.

Сегодня стройотряд университета насчитывает 120 бойцов, готовых за летний период не только помочь родному городу, университету, но и улучшить свое материальное положение.



Начиная с 2001 года молодежная команда «Жасыл ел» Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова проявила себя как лучший отряд не только на областном, но и на республиканском уровне, они награждены званиями «Лучшая команда», «Лучший солдат», «Лучший командир» и «Лучший университет».

В связи с этим 30 июня в Западно-Казахстанском государственном университете имени М.Утемисова состоялся студенческий конкурс и церемония награждения

студентов, показавших лучшие результаты в эстафете «Енбек», посвященной открытию молодежной рабочей группы «Жасыл ел». На мероприятии, организованном комитетом по делам молодежи, присутствовали главный специалист отдела молодежной политики ЗКО Зулхаров Адильгерей Сырымбетович, исполняющий обязанности руководителя Молодежного ресурсного центра Жаксығалиева Альфия Сырымқожиевна, руководитель Ресурсного центра информационного анализа и молодежи Уральска Сахиев Болатбек Жеткергенович. Педагоги-ветераны: Жардемев Жубанышкали Садырович, Салов Владимир Юрьевич, Абат Сатыбаевич Кыдыршаев дали свои напутствия студенческой молодежи.



Помним, любим...



Учитель учителей!

23 июня 2019 года кафедра русской филологии проводила в последний путь ветерана труда, профессионала педагогической деятельности Семенову Людмилу Николаевну, которой исполнилось 92 года.

Семенова Людмила Николаевна родилась 12 марта 1927 года в г.Уральске, в семье простых рабочих людей. Ее отец работал монтером на электростанции, а мать занималась домом. Она пошла в школу в 1936 г., а по окончании 10-ти классов, в 1947 году, поступила учиться в Уральский пединститут на факультет русской филологии, а в то время на литфак.

В 1951 году, в возрасте 23-х лет, молодую учительницу, которая только окончила институт, отправляют работать в Урдинскую казахскую среднюю школу в поселок Урда. Но ровно через год она переезжает в Акмолинскую область в Кургальджинский район вместе с супругом, который оканчивает тот же институт, что и она. Позже, по воле обстоятельств, молодой семье пришлось переехать в поселок Калмыково в Тайпакский район. В Калмыковской

средней школе они с мужем проработали 3 года. По истечении этого времени перебрались в Уральск.

И здесь начинается история. Она начала работать в ЗКГУ им. М.Утемисова, а в те года - УПИ им. А.С.Пушкина на кафедре русской филологии.

Расспрашивая про Людмилу Николаевну у мэтров нашего ВУЗа, у людей, которые учились у нее, которые работали бок о бок с ней, мы не могли не заметить того, с каким почтением они о ней отзываются: «Она человек, способный одновременно зажечь в студентах искру жажды знаний и в то же время пристыдить за лень», «Людмила Николаевна дала толчок на всю жизнь, она умела любого студента заставить работать, при этом не обижая, вот что самое главное!».

Легенда факультета! Про Людмилу Николаевну в нашем университете с почтением говорят: «школа Семеновой». Она вела практический курс русского языка, и студенты ожидали ее уроки со страхом произнести хоть одно слово неправильно, но те, кого она обучала, становились людьми, безукоризненно владеющими нормами русского литературного языка. Некоторые студенты, которые окончили ВУЗ уже несколько десятков лет назад гордятся тем, что до сих пор сохранили тетради по ее предмету: «Рука не подымается выкинуть их: жалко, ведь столько труда, знаний в них вложено», – говорят бывшие студенты.

О человеке много могут сказать любимые книги, фильмы и песни. У нашей героини любимая песня – это «В лесу прифронтовом». И она действительно много нам говорит о Людмиле Николаевне. То, что она человек, который даже в самые трудные минуты своей жизни старается обращаться к свету и сохраняет веру в доброе и хорошее.

Существует выражение «лет до старости и без старости», оно как раз про Семенову. Трудно представить, что этой сильной, яркой, стильной, красивой, целеустремленной, открытой, энергичной и прекрасной женщины, теперь уже не встретить среди нас.

Выражаем скорбь и соболезнование детям, родным Людмилы Николаевны Семеновы. Память об учителе учителей будет жить в памяти ее студентов и коллег.

Кафедра русской филологии ЗКГУ им.М.Утемисова

How to write scientific work?

An article begins with the Title, Abstract and Keywords. Introduction: What did you/others do? Why did you do it? Methods: How did you do it? Results: What did you find? Discussion: What does it all mean?

The main text is followed by the Conclusion, Acknowledgements, References and Supporting Materials.

Steps to organizing your manuscript: Prepare the figures and tables. Write the Methods. Write up the Results. Write the Discussion. Finalize the Results and Discussion before writing the introduction. Write a clear Conclusion. Write a compelling introduction.

How to write the Abstract? First of all, compose a concise and descriptive Title. Then, select Keywords for indexing. Write the Acknowledgements. Write up the References.

Before you set out to write a paper, there are two important things you should do that will set the groundwork for the entire process. The topic to be studied should be the first issue to be solved. Define your hypothesis and objectives (These will go in the Introduction.)

Review the literature related to the topic and select some papers (about 30) that can be cited in your paper (These will be listed in the References.) Finally, keep in mind that each publisher has its own style guidelines and preferences, so always consult the publisher's Guide for Authors.

This section responds to the question of how the problem was studied. If your paper is proposing a new method, you need to include detailed information so a knowledgeable reader can reproduce the experiment.

However, do not repeat the details of established methods; use References and Supporting Materials to indicate the previously published procedures. Broad summaries or key references are sufficient.

Write up the Results

This section responds to the question "What have you found?" Hence, only representative results from your research should be presented. The results should be essential for discussion.

However, remember that most journals offer the possibility of adding Supporting Materials, so use them freely for data of secondary importance.

Write the Discussion

Here you must respond to what the results mean. Probably it is the easiest section to write, but the hardest section to get right. This is because it is the most important section of your article. Here you get the chance to sell your data. You need



to make the Discussion corresponding to the Results, but do not reiterate the results. Here you need to compare the published results by your colleagues with yours (using some of the references included in the Introduction). Never ignore work in disagreement with yours, in turn, you must confront it and convince the reader that you are correct or better.

Write a clear Conclusion

This section shows how the work advances the field from the present state of knowledge.

A common error in this section is repeating the abstract, or just listing experimental results. You should provide a clear scientific justification for your work in this section, and indicate uses and extensions if appropriate. Moreover, you can suggest future experiments and point out those that are underway. You can propose present global and specific conclusions, in relation to the objectives included in the introduction.

Write up the References

Typically, there are more mistakes in the references than in any other part of the manuscript. In the text, you must cite all the scientific publications on which your work is based. But do not over-inflate the manuscript with too many references – it doesn't make a better manuscript! Avoid excessive self-citations and excessive citations of publications from the same region.

Finally, check the following: Spelling of author names, Year of publications, Usages of "et al.", punctuation, whether all references are included.

Moldakhanov N.R., Gabriele Kamrat.
Master students: Mussabekova B.E., Kazhalaeva N.A.

Кітапхана — мәдени-ағартушылық мекеме. Кітапхана баспасөз шығармаларын жинау, сақтау, насихаттаумен, оқырмандарға баспасөз шығармаларын берумен, мәдени-ағарту және ғылыми-көпшілік жұмыстарын ұйымдастырумен шұғылданады.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ Ғылыми кітапханасы Орал педагогикалық институтының құрылуымен тығыз байланысты. 1932 жылы Орынбор реалдық училищесі негізінде 7500 том кітап қорымен құрылып, Қазақстандағы байырғы жоғары оқу орнындағы кітапхана қатарына кіреді.

Кітапхана - АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ АЗЫҒЫ

Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ғылыми кітапханасы 1 млн. 059.430 дана кітап қоры бар. Кітап беруі 1 млн., оқырмандардың кітапханаға қатынауы 600 мың. Жылына 200 атаулы шетелдік және қазақстандық мерзімді басылымдарға жазылып алады. Қазақстан ЖОО Ассоциациясымен, Қазақстандық және Ресейлік ірі басылымдармен байланыс орнатқан.

Ғылыми кітапхана құрылымы 3 бөлімнен тұрады: әдебиеттерді жинақтау және өңдеу бөлімі, оқырмандар сұранысын қамту бөлімі, ақпараттық технология және библиография бөлімі. 7 оқу залы, 3 абонемент жылына 6 мыңға жуық пайдаланушыларға қызмет көрсетеді, оның ішінде ғалымдар залы мен электронды оқу залы бар.

Ғылыми кітапхана жаңа толқындағы компьютер, көшірме техникасымен, видеопроектор т.б. құралдармен жабдықталған. Электронды оқу залы пайдаланушыларға университет ғалымдарының электронды оқулықтарын, видео-дәрістер, әдістемелік құралдар, энциклопедия мен сөздіктер, оқу видеофильмдерін, оқытушылардың дәрістерін ұсынады.

2000 жылдан электронды каталог құру үшін «Библиотека 5.2» бағдарламасымен жұмыс жасау басталды. 2012 жылдан электронды каталог базасын жалғастыру мақсатында «ИРБИС 64» автоматтандырылған бағдарламасымен жұмыс жүргізіліп келеді. Қазіргі таңда мәліметтер базасында 170000 мыңнан аса жазбалар жазылған. Оқу әдебиеттер мен оқытушылардың ғылыми мақалаларының толық мәтінді базасын қалыптастыру жұмысы жүргізілуде.

Кітапхананы пайдаланушылар жаһандық ақпараттар желісі Interne қолдана алады. Университеттің Веб-сайт беттерінен ғылыми кітапхана туралы ақпарат топтастырылған өз электронды поштасы бар www.wksu.library.kz БҚМУ ғылыми кітапханасы заман ағымымен жандану үстінде. Жаңа компьютерлік технологияларды енгізу мен қолдану, оқу және ғылымды ақпаратпен қамтуда заман ағымына сай теңдесі жоқ құрал болып табылады.

Қазіргі уақытта кітапхананың ақпараттық орталық ретінде дамуы, кітапхана жұмысының автоматтандырылу және компьютерлік технологиялардың енгізілуімен тығыз байланысты. 2014 ж. желтоқсан айынан №1 оқу корпусының оқу залдарында кітапхананың кітап қорымен жұмыс жасаудың нәтижесін арттыратын арнайы құрылғы қойылды. Бұл автоматтандырылған сымсыз аймақ: радио жиелік белгі, магнитті карточка, өзіндік жұмыс жасау терминалы және қақпадан тұратын RFID құрылғысы болып табылады. Жаңа технологияның мәнісі оқырман сөреден кітапты таңдап, электронды оқырман билетінің көмегімен өзіндік жұмыс жасау терминалына тіркеліп, оқу залында дайындалуға мүмкіндік алады.

Университеттің бірден-бір маңызды бағыттарының бірі – толық мәтінді ақпараттық ресурстарға онлайн түрде қолжетімділігі болып табылады. БҚМУ кітапханасының пайдаланушыларына отандық және шетелдік мәліметтер базалары (Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана, Web of Science, Springerlink, Polpred, Oxford university press, Wiley online Library, Taylor & Francis Journal Platform, Elsevier) онлайн түрде қолжетімді. Бұл жаратылыстану, қоғамдық, гуманитарлық ғылым және өнер саласы бойынша толғандырған сұрақтарға неғұрлым толық мәліметтер алуға мүмкіндік беретін журналдар, кітаптар мен конференция материалдарын іздеу болып табылады.

Ақмаржан ҚОБЛАНДИЕВА,
филология факультетінің 3-курс студенті

30 мамырда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Батыс Қазақстан облысы тілдерді дамыту басқармасының қолдауымен «Еуразия әлеуметтік-гуманитарлық зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігі Алаш арыстарының көсемі, Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы атындағы Тілдерді оқыту орталықтары оқытушыларының арасындағы облыстық байқауын ұйымдастырды. Бұл шараға облыс аудандарынан және Орал қаласы бойынша 8 үміткер өтініш білдіріп қатысты.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

атындағы байқау



Байқау ересектерге мемлекеттік тілді оқытатын шығармашыл оқытушыларды анықтау, қолдау, марапаттау, оқытушылардың кәсіби-педагогикалық шығармашылығын шыңдау және мемлекеттік тілді оқыту үдерісін ілгерілету, оқытушылардың латын графикасына негізделген қазақ тілін оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдерімен тәжірибе алмасу, латын графикасына негізделген қазақ тілін меңгертудің озық үлгісіндегі педагогикалық тәжірибелерді тарату бағытында ұйымдастырылды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық

салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай»-деген болатын. Олай болса, жаңашыл бағыттарымызды анықтайтын оқытудың заманауи технологияларын пайдалану маңызды. Бүгінгі оқытушылар арасындағы байқау - жасампаздық пен жан-жақтылықтың жаңаша көрінісі болмақ.

Байқауға облысымыздың түкпір-түкпірінен білікті тіл үйретуші оқытушылар келді. Қатысушылар тіл үйретудің сан алуан әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, өзге тілдегілерге қазақ тілін үйретудің тиімді жолдарын ұсынды.

Түркі халқының

ҒАБДОЛЛА ТОҚАЙЫ

Бауыр еті өз халқының ауыртпашылық пен бейнетке толы күндерін жырына толғаныспен қоспаған ақын жоқ шығар,сіре? Қазақ жұртшылығының арасынан шыққан зар заман ақындар аз емес. Жылулық жетпеген халқына жан тебіренісін жеткізем деп, шарқ ұрған ақындар өз заманының қас дұшпаны ретінде саналды. Тұла бойы дарынға толған жандар бағаланбады, оның есесіне «Халық жауы» атты қара күйе соңдарынан қалмады. Уақыт ағынымен, қас пен көздің арасындай өмірде жарқ етіп бір жанған жұлдыздар елеусіз қалып қоюы мүмкін емес. Сол жүйріктердің санатынан таңдамалы ұлы ақын, қоғам қайраткері, Ғабдолла Тоқай.

Төр шыңына шыққан әділетсіздікпенен жалғыз күрескен татардың ақиық ақыны. Халқының тұрмыс-тіршілігінің аянышты халін, надандық пен озыбырлықтың жаппай зардабын шеккен қалың жұртшылықтың көл болған жасын, патша саясатының үстемділік құрып, қарапайым адамдардың күн көрісі нашарлап кеткен сол бір көріністі көрген сезімтал ақының жүрегі жай таппаған. Жалынды өлең жолдары асау аттай аспанға өрлеген,рухқа алау сыйлаған, көз бояушылықты жайып салған асыл сөздер көпшілікке уақытылы жарияланбаған. Оның бір ғана себебі бар: патша үкіметінің жасырын, бірақ қуатты саясатында. Ақынның қысқа өмір жолында сүйіп өткен қасиетті құндылықтарының бірі – еңбексүйгіштік пен сауаттылық. Өскелең жас ұрпақты ғана емес,сонымен қатар барлық халқын білімге талпындырған. Алдағы болашақтың жарқын да айқын болуы адамдардың талпынысында деп зор үміт шырағын сөндірмей, ұзақ жылдар бойы армандаумен келген жас ақын. Әдебиет табалдырығын жаңа аттағанмен, ой-өрісі мен көсемсөздігі дариядай болған деседі құнды жазба-деректерде. Ғабдолла ақынның ғұмыры ауырлашылық пен қиын қыстауларға толы болған.Тал бесіктен белі шықпай жатып тұл жетім атанған сәби, ойыншық-мыс әр шаңыраққа көшіп-қонып жүрген. Әкесі Мұхаммед Ғариф, Ғабдолла бес айға толғанда көз жұмады да, жесір қалған анасы Мәмдуда басқа адамға тұрмысқа шығып, отау құрады. Ал шақалақты Шариға атты кемпірге тастап кете барады. Біраз жыл өткесін шешесі Ғабдолланы қайтып қасына алады, бірақ кешікпей анасы да қайтыс болады. Жетім қалған жас сәби нағашыларына қайтарылады. Қиындықтан көз аштым-ау, дей бастаған да нағашысының әйелі белгісіз біреуге асыранды

сынды беріп жібереді. Содан Мухмуд Уәлі дейтін бөгде бір адам Ғабдолланы қамқорлығына алады. «Қырсық қырық ағайынды» демекші, жағдайы жақсара келген Ғабдолланың асырап алған ата-анасы көп ұзамай ауруға шалдығып о дүниелік болады. Ол қайтып нағашыларына оралады. Безінген нағашылары Ғабдолланы Сағди деген ұлы жоқ кісіге береді. Сол кезден бастап ол қадімше, яғни, ескіше әріп танып, білімге құштарлық танытады. Екі жылдан кейін асырап алған шешесі ұл табады да, Ғабдолланы шеттете бастайды. Сол кезде Бәдреддин атты кісі Ғабдолланы асырап алып, жұмысқа жегеді. Ақыры, біздің Батыс Қазақстанда Орал қаласында туған апасы бары естіліп, Ғабдолла соған жөнелтеді. Теке қаласында (Орал қаласының бұрынғы атауы) ең алғаш орысша сауат ашып, білім нәрімен сусындаған соң, үш жылдан кейін татарша оқуға ауысады. Бірнеше жыл медреседе тұрақтап, арабша, парсыша тіл танып, әдебиет саласы жанына жақын екенін сезеді. Аяғына тұра алатын кезде келгенде типографияға наборщик болып жұмысқа алынады. Жұмбақ сырға толы, ғаламат өмірге қадам басқаннан кейін, қолына қалам алып, өлеңді серік етеді. Қажымас қайраты қанаттандырады, талпынысы құлшынысын оятады. Оның ең алғашқы туындылары «Фікір»атты газетте басылып шығарылады. Білімі ғұламадан кем емес, кез-келген адамда табыла қоймайтын адами құндылықтар тұла бойында тұнып тұрған, көзі ашық, сыйлы адамдар қатарының басы десекте артық болмас. Былайша айтсақ «Сегіз қырлы, бір сырлы» биік пір тұлға болған. Ақындықпен қоса жетектеген дарыны шығармашылық жұмысы еді. Бұл екі «творчество»шыңының бағындырған әдебиет алыбы, қайталанбас ізгі шығармаларын ізі сынды қалдырды.

4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні. Осыған орай, бүгін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Туымен – тұғырлы, Елтаңбасымен – еңселі, Әнұранымен – айбатты ел» тақырыбындағы дөңгелек үстел өтті.

1992 жылы 4 маусым күні Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік Туы, Елтаңбасы және Әнұраны алғаш рет бекітілді. Көгілдір түсті туымыз бен ортасында шаңырақ бейнесіндегі алтын сәулелі күн орныққан Елтаңбамыз бүкіл әлемге Қазақстан Республикасы аталатын жаңа тәуелсіз мемлекет бейнесін паш етті. Бүгінгі бас қосуда университеттің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Т.М.Даришева:

28 маусым – Қазақстан Республикасы БАҚ саласы қызметкерлері күні

БАҚ күні

Бұқаралық Ақпарат Құралдары – арнайы құралдардың көмегімен, кез келген тұлғаларға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер.

Күнделікті ғаламтордан хабардар болатын жаңалықтар, теледидардан тамашалайтын бағдарламалар, газетте жазылған мақалалар, әсіресе, ғаламтор бөрі арнайы құралдардың көмегі арқылы бізге, яғни қарапайым халыққа белгілі құралдардың көмегі арқылы таратылады. Оған БАҚ қызметкерлері жауапты.

Бұқаралық Ақпарат Құралдары-адамның қоғамдық әлеуметтенуінің маңызды элементі. Әсіресе, бұл процесс Интернет пен әлеуметтік желілердің даму сәтінен бастап күшейе түсті. Нәтижесінде, ақпаратты жазу мен таратудың жылдамдығы бірнеше есе артты.

Журналист мамандығы – қиындығы мен қызығы мол, жан-жақты білімділікті талап ететін жауапты сала. Өз шығармашылығы арқылы қоғамға да, адамға да қызмет ететін, ешқашан қателесуге болмайтын, қашанда жаңаның, жаңалықтың жақтаушысы, қолдаушысы бола алатын да осы кәсіп иелері.

Негізі Қазақстанның журналистикасының мерекесі 1997 жылға дейін 5 мамырда аталған екен. Себебі, 1870 жылы дәл осы күні қазақ тіліндегі алғашқы басылым - «Түркістан уәлаяты газетінің» алғашқы саны жарық көрді. 1997 жылы бұл дата өзгертіліп, журналистердің кәсібі мерекесі БАҚ туралы қазақстандық алғашқы заң шыққан күн 28 маусымға белгіленді. Ол «Баспа және өзге де бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚазКСР Заңы деп аталды. Сол жылдан бастап тілшілер мерекесі маусымның соңғы жексенбісінде атап өтіліп келді. Былтыр журналистер мерекесінің датасы қайта өзгерді. 2011 жылдың қазанында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев еліміздегі кәсібі және басқа да мерекелер тізімінің жаңа редакциясын мақұлдады. Оған сәйкес, 28 маусым Байланыс және ақпарат құралдары қызметкерлері күні болып бекітілді.

Лето - удивительное время года, полное радости и ярких моментов счастья. Но иногда и оно преподносит неприятные сюрпризы. Солнце бывает коварным, а потому и не стоит забывать о профилактике теплового удара.

Как защитить организм от теплового удара?

С приближением лета многие люди забывают о своем здоровье. И погода может стать основным фактором ухудшения человеческого здоровья. Жара и солнце могут утомить организм настолько, что мы и не заметим этого. В основном летом, как и взрослые, так и дети страдают от солнечного удара. Мы рассмотрим, как предотвратить тепловой удар.

Первым делом надо разобраться в том, что его вызывает. Главными причинами могут быть: длительный перегрев организма, причем необязательно на солнце, душное замкнутое помещение или тяжелый физический труд могут тоже таить угрозу организму. Не забываем, что в особом риске находятся младенцы и пожилые люди. В первые месяцы жизни еще не отлажена система терморегуляции организма, а в преклонном возрасте она с переборами. Риск заработать тепловой удар серьезно увеличивают хронические болезни, такие как избыточный вес, сердце и сосуды.

Если вы вдруг находились долго под солнцем и почувствовали накатившую слабость, пульсирующую головную боль и головокружение, то это означает, что вы получили тепловой удар. Характерными симптомами теплового удара являются горячая, красная и совершенно сухая на ощупь кожа. Наряду с этим учащается сердцебиение и поднимается температура вплоть до 40 градусов.

Что делать при тепловом ударе? Если вы получили тепловой удар, то лучше всего вызвать скорую помощь. А если вы находитесь на улице или где-то еще, то вы должны войти в помещение с кондиционером до прихода скорой помощи. Но лучше всего принять холодный душ или прикрыться мокрым полотенцем или простыней. Пить холодную воду или холодный чай маленькими глотками. Приложите ко лбу компресс со льдом, точно также на затылок.

Во избежание солнечного удара, прежде всего, забудьте о темной синтетической облегающей одежде. Носите исключительно светлые вещи из легких дышащих тканей. Голову защитит шляпа или косынка светлых оттенков. Подберите хорошие солнцезащитные очки. Старайтесь меньше проводить время под палящим солнцем с 11 до 17 часов - в это время солнце особенно агрессивно. И самое главное, следите, чтобы дети не играли на солнцепеке.

Вот таким образом солнце может серьезно повлиять на наше здоровье, если мы не будем ее беречь. Многие люди не особо обращают на это внимания. И только после заболевания могут обращаться к врачам. Не забывайте, что лето это одновременно и опасный сезон для здоровья, поэтому старайтесь предохраняться и вести здоровый образ жизни.

*Шынар ЕЛЕУГАЛИ,
Фил-32*



«Рухани жаңғыру» институтының студенттерге арналған беті, №6, маусым 2019 жыл

Рух

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы баса айтылған түйінді тезистер - қазақ елінің зиялы қауымын саналы ұрпақтың рухани тұрғыдағы тазалығы, рухани байлығы туралы тереңірек ойлануға жетелеген құнды тұжырымдама. Жалпы рухани жаңғыру мәселесі ұлттық рухы жоғары азаматтардың азаюына алаңдаушылықтан туындаған. Себебі адамды ұлтымен, тілімен қатар, мәдениеті де, салт-дәстүрі де, табиғаты мен тарихы да байланыстырмақ. Ақиқаты сол – тек рухани жан дүниесі бай ұрпақ қана елдік мәселелерге бет бұрмақ, ұлттық құндылықтардың қадір-қасиетін сезе алмақ, біле алмақ. Бұл – аксиома! Бұл – елдің, жердің біртұтастығының, мемлекеттің мәңгілігінің, ана тіліміз-қазақ тілінің түлеуінің, ұлттың сақталуының негізгі кепілі.

МАХАМБЕТ УНИВЕРСИТЕТІ - РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТҮНБАСЫ

Рухани жаңғыру дегеніміз не? Рухани жаңғырудың жолы қайсы? Осы іспетті сауалдарды жастар тарапынан жиі естиміз. Біздіңше, *рухани жаңғыру дегеніміз* – алғы мақсатқа жету жолындағы санамыздың ісімізден озып жүруі, көш басындағы озық елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін болу үшін, сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылу; жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойымызға икемдеу; жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты ретінде тамыры тарихының тереңінен бастау алар рухани ұлттық кодымызды сақтай білу; егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастарын ескере келе, озық дәстүрді табысты жаңғырудың маңызды алғышартына айналдыру; білім, қызмет, зияткерлік өнім не сапалы еңбек ресурстары саласында табысқа жетуге мүмкіндік алар жеке тұлғаның ғана емес, тұтас халықтың бәсекелік қабілетін арттыру; болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындаларын ескерсек, тұтас ұлтымыздың ХХІ ғасырға лайықты қызметтерге (компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлардың әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттар санатында екенін ескергейсіз) ие болуы; толыққанды жаңғыруымыз мүмкін болуы үшін, қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгерту; бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлету; нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, салауатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере келе, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану; ұлттық салт-дәстүрлеріміздің, тіліміз бен музыкамыздың, әдебиетіміздің, жоралғыларымыздың, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыздың бойымызда мәңгі қалуы; мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу; ұлттық код, ұлттық мәдениеттің сақталуы, алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің керітартпа тұстарынан бас тарту; табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркімнің терең түсінуі; сәйкесінше, жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білімнің әрдайым бірінші орында тұруы; эволюциялық даму қағидасының әрбір тұлғаның жеке басының дербес бағдарына айналуы. Байқап отырғанымыздай, түптеп келгенде, *рухани жаңғыру – ұлттық сананың кемелденуі.*

Ал, рухани жаңғырудың жолы осы түйінделген тұжырымдардан туындамақ, осы жоғарыда айтылған тезисті байламдардан тарқатылмақ. Демек, *рухани жаңғыруға алғышарт болар іс-әрекеттер кешені мыналар:* жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты ретінде ағылшын тілін меңгеру; табыстың кілті әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі тұрғысында «өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі - қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу; 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды латын әліпбиімен басып шығара бастау үшін, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру; қай уақытта да

қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдардың ауадай қажеттілігін ескере келіп, алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі үздік 100 оқулықты түрлі тілдерден, түпнұсқадан қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік туғызу; патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни, туған жеріңе сүйіспеншіліктен басталарын ескерсек, «Туған жер» бағдарламасын қолға алу, шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі ретінде туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу; халықтың санасына аса маңызды жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру; жат идеологияларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп берерімізді әркез ескеру; ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру; бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына назар аудару, оларды телевизиялық деректі туындылардың кейіпкеріне айналдыру; ел-жұрт ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуі үшін, ақылымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту, «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау. Демек, Елбасы сөзіне сүйене айтсақ, мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Олай болса, өмір сүру үшін, замана ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болғанға не жетсін! Ал, жаңа жағдайдағы жаңғыруға қажетті ішкі ұмтылыс – сіз бен біздің дамуымыздың басты қағидасы. Демек, өмір сүру үшін, өзгере біл! Оған көнбесең, тарихтың шаңына көміліп қала бересің.

Қуанарлығы, бүгінгі таңда университетімізде «Рухани жаңғыру» институты 2017 жылдың қыркүйек айынан бері жұмыс жасауда. Мақсаты – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларындағы негізгі бағыттар (*«Бәсекеге қабілет», «Прагматизм», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Білімнің салтанат құруы», «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы», «Сананың ашықтығы»*) мен нақты жобаларды (*«Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру», «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім»*) жүзеге асыру, Ұлы Даланың жеті қыры (*«Атқа міну мәдениеті», «Ұлы даладағы ежелгі металлургия», «Аң стилі», «Алтын адам», «Түркі әлемінің бесігі», «Ұлы Жібек жолы», «Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны»*) бойынша ой таразылап, тарихи сананы жаңғыртудың ірі жобаларына (*«Архив – 2025», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемінің генезисі», «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»,*

«Тарихи кино өнері мен телевизиядағы көрінісі») қатысты кешенді жоспарлы жұмыстар жүргізу. Бүгінгі таңда «Рухани жаңғыру» бағдарламасына орай оқу орнымызда арнайы тұжырымдама дайындалып, негізгі бағыттар бойынша жоспарлы іс-шаралар айқындалған «Жол картасы» қабылданған. Бұл ретте БҚМУ-да көлемді ақпараттық, ағартушылық қызметтер кешені атқарылуда. Ай сайын білім ордасында арнайы медиа-жоспарлар дайындалып, сол медиа-жоспарлардың орындалуы бойынша тиісті тараптарға тұрақты есеп беріледі. Мәселен, осы уақытқа дейін бұқаралық ақпарат құралдарында университеттің профессор-оқытушылар құрамы, магистранттар мен студенттердің қатысуымен 400-ден аса мақала мен сұхбаттар жарық көрді. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында екі жыл көлемінде түрлі баспалардан 10-нан аса монография, 30-дан аса оқу құралы, хрестоматия, бағдарламалар кешені басылым көрді. Бұған қоса рухани жаңғыру тақырыбы төңірегінде докторлық, магистрлік диссертациялар қорғалып, дипломдық жұмыстар жазылуда. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы оқу орнымыздың порталының басты бетінде, факультеттер сайтында орналастырылған. Әлеуметтік желілерде Бағдарламаға қатысты арнайы ақпарат пен атқарылған жұмыс жөніндегі мәліметтер тұрақты түрде таратылуда. Арнайы «Рухани жаңғыру» мәжіліс залы жабдықталған. Бұл қоғамдық Жобаны іске асыру ғылыми-әдістемелік және қолданбалы-тәжірибелік жағынан да қамтамасыз етілуі қажеттігі ескеріліп, университетімізде әр деңгейдегі ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек

үстелдер, семинарлар және тағы басқа ғылыми-әдістемелік шаралар ұйымдастырылуда. Сондай-ақ, 2019 жылғы қаңтар айының 30-ынан бастап университетіміздің «Өркен» газеті бетінде институтымыздың студенттерге арналған «Рухани жаңғыру» жаршысы ай сайын жарық көруде. Жаршы бетінде «Рухани жаңғырудың жолы қайсы?» «Ұлы даланың жеті қырына бойлай алдық па?», «Ата-баба дәстүрі – рухани жаңғыру көзі», «Берік рухани иммунитет қажет», «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!» (Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіз Қазақ елі құндылықтары туралы) тақырыптарындағы аса өзекті рухани жаңғыру иірімдеріне қатысты аналитикалық талдау мақсатындағы мақалалар топтамасы жарық көріп үлгерді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында елдік тұжырым-түйіндерді жүзеге асыруда өз өлкемізге сүйіспеншілікті, елге, жерге құрметті жас ұрпақтың бойында қалыптастыру басты мақсат. Бұл жоба шеңберінде ғылыми және ғылыми-танымдық экспедициялардың да орны ерекше. «Рухани жаңғыру» институты жоспары бойынша бірнеше ғылыми-танымдық экспедициялар ұйымдастырылуда. Мәселен, рухани жаңғыру аясында «Туған жер» бағдарламасына сәйкес өлке тарихын зерттеу, тану мен насихаттау мақсатында 2019 жылдың сәуір айының 23-і күні тарихи-танымдық бағытта Сырым ауданына ғалым-оқытушылар мен студенттерден құралған топтық экспедиция ұйымдастырылды. Осы жылдың маусым айынан бастап жаратылыстану-география факультетінің студенттері мен оқытушыларынан құрылған топ Орал – Нұр-Сұлтан – Павлодар - Баянауыл, Орал - Шымкент-Түркістан және Батыс Қазақстан облысы аудандарына экспедицияларын бастады. Қазіргі уақытта Тасқала ауданында (Ешкітау) «Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері Д.Ж.Танзеновтың (3-14 маусым 2019 ж.) және Жайық қалашығында «ҚР тарихы» кафедрасының оқытушысы Я.Лукпанованың (27 мамыр – 8 маусым) жетекшілігімен археологиялық қазба жұмыстары жүргізілуде.

«Рухани жаңғыру» институты білім беру ұйымдарымен әріптестік қарым-қатынасты жандандыру бағытында 2018 жылдың ақпан айында БҚО Білім басқармасымен бірге облыс және қала оқушыларының арасында «Туған жер – алтын бесік» тақырыбында эссе байқауын өткізді. Осы үрдістің жалғасы ретінде 2019 жылдың ақпан-сәуір айлары аралығында университетіміздің 1-4 курс студенттері арасында «Ауылым – алтын бесігім» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды. Берілген мерзім ішінде тақырып аясында қазақ және орыс тілінде жазылған 72 эссе жұмысы ұсынылды.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
«Рухани жаңғыру» институтының директоры,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор

«Ruhani jangyru» - «Рухани жаңғыру» бетінің жауапты редакторы – Гүлдана Хайроллақызы Сұңғатова, «Рухани жаңғыру» институтының әдіскері

2013 жылы қазанның 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 октября 2013 года




Мерей

Құттықтау!

Құрметті Айдарбек Ахметұлы! Сізді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен (2019 ж., 8 сәуір, №385 бұйрық) 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ие болуыңызбен құттықтаймыз!

Халқымыз ғылым қуған – инемен құдық қазғанмен тең деп тегін айтпаса керек. Ғылым жолындағы жаңа жетістігіңіз - жастық жігер-күшіңізді арнап, талай жылдар талмастан атқарған елеулі еңбегіңіздің жемісі. Еңбегімен ер сыйлы, өнбегімен жер сыйлы емес пе. Қашан да сыйыңыз артсын, әлі талай ғылым жолында жұлдызыңыз жансын демекпіз. Деніңізге саулық, отбасыңызға бақ-береке тілейміз!



Ізетпен, «Рухани жаңғыру» институты ұжымы,
Сырым Датұлы атындағы шешендікке баулу клубының мүшелері

Арнау

Қыран-тұлға

Ұстазым Айдарбек Ахметұлына

Басында жүрсіз ұлтқа ұнамды істің,
Жаныңызда кені бар шыдам, күштің.
Ұстазым, сіздің батыл бойыңыздан,
Қасиетін байқаймын қыран құстың.

Қыран қиындықтарды талғар ма екен?!
Азығын жер соқпақты жолдарменен.
Балапандай кезінен қанаттанар,
Құласа да тым биік жардан төмен.

Тектілігін мен оның тұмар көрем,
Үні де тыңдай алсаң ұранды екен.
Қанжығаны майлайтын қансонарда
Құстардың төресі ғой қыран деген.

Ерлігін аямайтын ерегесте,
Ол жайлы талай аңыз келер еске.
Кең даланы көсіле қалықтайтын,
Қыран құс – еркіндіктің өзі емес пе?!

Қайсар құс жаңылмайтын қарқынынан,
Аттамас асып-тасып ар туынан.
Жалғанның жағымсыздау жақтары оның,
Жалтарар жанарының жарқылынан.

Солай, ұстаз, сізге астар бағам, тегі,
Бар берген тәліміңіз санамда еді.
Талмаңыз көкке қанат сермегеннен,
Қыранның биікте ғой қонар жері!

Еркеназ Қалижан,
Фил-31-топ студенті
(«Филология: қазақ тілі» мамандығы)

Ел тағдыры

ОНОМАСТИКА МӘСЕЛЕСІ - РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ КӨЗІ

Университетімізде «Рухани жаңғыру» институтының қолдауымен Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының жоспарына сәйкес «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қоғамдық пікір көшбасшыларымен «Ономастика – мемлекеттік идеологияның негізі» тақырыбында кездесу өткізілді.

Кездесуде Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасындағы ұлттық код, ұлттық мәселелерден туындайтын міндеттер, ономастиканың мемлекеттік тілді дамытудағы маңызы және елдімекендердің тарихи атауларын жаңғырту мәселелері талқыланды. Кездесу барысында филология ғылымдарының докторы, профессор Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы сөз алып, бүгінгі таңда қоғамда орын алып жатқан ономастика мәселесін қозғады. Спикер ретінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, кәсіби модератор, белгілі саясаттанушы лингвист-ғалым Көшім Досмахамбет

Қалмаханұлы (Алматы қаласы) «Ономастика және ұлттық сана» тақырыбында сөз алып: «Ономастикалық атауларын ауыстырудың үш бағыты бар. Біріншіден, идеологиялық тұрғыдан ескірген атауларды ауыстыру. Екінші бағыт – тарихи атауларды жаңғырту. Ол үшін нақты дерек керек. Бұл ретте тарихшылар жұмыстануы тиіс. Теологтар да осы іске үн қосады деп сенемін. Үшінші бағыт – тұлғалардың есімдерін беру. Әйткенмен, ол тұлғаның елімізге, сол өңірге қандай қатысы бар екенін қаперге алған жөн. Осы орайда қаладағы көше атауларына мониторинг жүргізу де маңызды», – деді. Лингвист-ғалым абстрактілі ұғымдарды көше атауларына беру белең алғанын тілге тиек етіп, мұның жөнсіз екенін жеткізді. Сонымен қатар, облыс аумағындағы кейбір елдімекендердің мәнсіз атауға ие екенін және орыс тілінен қателікпен аударылғанын да баса айтып, аталмыш мәселе бойынша түзету жұмыстары кезек күттірмейтін іс екенін тілге тиек етті.

Гүлдана СҰҢҒАТОВА,
«Рухани жаңғыру» институтының әдіскері

Құрмет

АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!

Құрметті Абат Сатыбайұлы! №47 жалпы орта білім беретін мектебінің ұжымы Сізге ата-аналар кеңесінің төрағасы ретінде мектептің өркендеу бағытында атқарған белсенді еңбегіңіз үшін алғыс білдіреді. Сіз мектеп пен ата-аналар арасындағы одақтық байланысты нығайта түсіп, ата-аналар ұжымын басқарып, мағыналы пікірлеріңізбен бағыт-бағдар беріп келесіз. Мектепішілік барлық шараларды өткізудегі еңбегіңіз зор. Өз балаңызды тәрбиелей отыра, өзгелерге де үлгі-өнеге бола білдіңіз.

Қадірлі Абат Сатыбайұлы! Жас ұрпақты кемел ойлап, келелі ой айтуға баулудағы еңбегіңіз де өлшеусіз. Жоғары кәсіби шеберлігіңіз бен жауапкершілігіңіздің арқасында ұстаздарымыз бен оқушылар алдында зор құрметке иесіз. Өз ісіңіздің нағыз майталманы ретінде қазіргі уақытта біздің шәкірттерді ана тілі мен әдебиетіміздің бай құнарымен сусындатып, оларды ойды анық та көркем айтуға, шешен сөйлеуге баулып, ата-аналарға бала тәрбиесінде жол көрсетіп жүрген жансыз.

Сізге деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр, еңбекте тың табыстар мен өмірдің асқақ абыройын тілейміз. Өрқашан ел құрметі мен қошеметіне бөлене беріңіз. Өрелі істеріңізбен өнеге болып, көркем тілді озық ойларыңыз бен мағыналы тұжырымдарыңыз тыңдаушысын баурап, елге етер еңбегіңіз, келер ұрпаққа берер тәліміңіз алдағы уақытта жалғасын таба берсін!

Ізгі ниетпен, Наталья Дүйсенқызы Ергужиева,
Орал қаласы №47 жалпы орта білім беретін мектептің директоры
25.05.2019 ж.

Көз нұры

Ақ жол

Орал қаласы №47 Жалпы орта білім беру мектебінің 2019 жылғы түлектеріне ата-аналық жүрекжарды тілек
(Соңғы қоңырау салтанатында сөйленген сөз)

Қадірлі жас түлектер! Ақыл жас ұланнан, жүйрік тай-құнаннан боларын білерсіздер. Жастық – жалын, кәрілік – күл. Жастық көкке, кәрілік жерге қаратары мәлім. Әрдайым есте ұстарсыздар!

Осыдан 11 жыл бұрын әрқайсысың ата-аналарыңыздың жетегімен балғын да балауса қадаммен алаңсыз аңғал қалыпта үкілі үміт арқалап, мөлдір мақсат тұтып мектеп атты білім ордасына келгенсіз. Жылдарды артқа салып, нәтижеде ынта болса адамда қиын іс жоқ ғаламда екенін білдіңіз. Жан қиналмай жұмыс бітпесін, талап қылмай мұратқа жетпесін аңғардыңыз. Арманы жоқ ұл-қыздың пәрмені жоқтығын, армансыз адамның алысқа бармасын сездіңіз. Талабы жоқ жас ұлдың жалыны жоқ шөкпен тең екенін, іздеген ғана, ізденген ғана мұратына жетерін санаға түйдіңіз. Осы түйіндерді әркез ескергейсіз!

Қымбатты түлектер! Жақсылық еккен алғыс орады емес пе? Біздіңше, ұстаздарыңыз бүгінгі күні мектеп бойынша 64 жақсылық егіп отыр, енді, бұйыртырса, алғыс ормақ. Үміт сіздерде! Біздің білеріміз, тәрбиелі адам тағалы атпен тең. Сынықтан өзгенің бәрі жұғары даусыз. Ананың ізін қыз басары, атаның ізін ұл басары, айтушы ақылды болса, тыңдаушы дана болары кәміл. Демек, жақсының үлгісі жанып тұрған шамдай. Мектеп қабырғасындағы көрген-түйгендеріңіз ешқашан да ұмытылмақ емес. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ұлы жол орта мектеп табалдырығынан басталады. Нағыз өмір-білім майданында сынға түсер кез келді. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар!

Айналайын жастар! Жігіт көркі – өнер. Жігітке жеті өнер де аз, жетпіс өнер көп емес. Өнерліге есік ашық. Өнерліге өлім жоқ. Өнерлінің өзегі талмас. Өнерпаздың он қолы бар. Қолы білген құм үстінен кеме жүргізеді. Шеберді шеге қағысынан таны дегендей, шеберлікке шеқ жоқтығын білгейсіз!

Сәт сапар, түлектер!

Ақ тілекпен, А.С.ҚЫДЫРШАЕВ,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

«Шешендік мектебі» («Школа ораторства») - «School of oratory» жаршысының жауапты редакторы – **Еркеназ Қалижан**, Фил-31-топ студенті («Филология: қазақ тілі» мамандығы). Кеңесшісі – **А.С.Қыдыршаев**, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі

Бабадан балаға аманат болып жеткен қазақтың ұлттық ойыны - тоғызқұмалақ асыл мұраларымыздың бірі. Оның шығу тарихын әр зерттеушілер әрқалай айтады. Бір жазба деректерде 4 мың жылдық тарихы бар десе, басқа бір деректерде оның пайда болған кезі одан да көп уақыт болуы әбден мүмкін деген болжамдар жасалады. Мейлі, кім не десе де тоғызқұмалақ ойыны қазақтың ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан төл спорты екені даусыз. Осы ұлттық спортымыздан бүгінде бірнеше әлем чемпионаты өтіп, қазақтың қыз-жігіттері бас жүлдені өзге елдерге ұстатпай, көш бастап келеді. Сол саңлақтарымыздың бірі есімі тоғызқұмалақ тарихына алтын әріптермен жазылған қаракөз қазақ қызы, университетіміздің Дене шынықтыру және спорт мамандығының 1-курс студенті – Ализа Ерниязова. Ол - тоғызқұмалақтан әлемнің қола жүлдегері, ал Қазақстан біріншілігінің бірнеше мәрте чемпионы, БҚО бойынша тоғызқұмалақтан Халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алған төртінші адам. Бұл туралы біреу білсе, біреу біле бермейді. Бүгін осындай жетістіктерді бағындыра білген қаракөз қазақ қызынан алған сұхбатты оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

Қазақы зияткерлікті меңгерген қыз

- Ализа, сіз төл ойынымыз тоғызқұмалақтан әлем чемпионатының қола жүлдегері атанған қазақсыз. Бұл кездейсоқтық па, әлде қажырлы еңбектің жемісі ма?

- Бұл – қажырлы еңбектің жемісі. «Еңбек етсең ерінбей - тояды қарның тіленбей» деген қазақтың жақсы сөзі бар ғой. Кішкентайымнан тоғызқұмалақты жаным сүйетін, ұзақ уақытқа дейін тақта үстінде ойнап отыра беретінмін. Адам сүйікті ісімен айналысса ешқашан да жалықпайды. Жетістікке жетуге ешнәрсе кедергі бола алмайды. Бапкерім де осы жетістіктеріме өз үлесін қосты, алдыма мақсат қойып соған қол жеткізуді үйретті.

- Қазірге дейінгі қол жеткізген жетістіктеріңе қысқаша тоқталып кетсең...

- Өзімнің сүйікті спортым тоғызқұмалақтағы басты ірі жетістігім - Таяуда Түркияның Анталья қаласында тоғызқұмалақтан өткен V әлем чемпионатында қола медальға (2019 ж.) қол жеткізіуім. Екінші бағындырған биігім - 6-10 маусым күндері Ақтөбе қаласында тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасының X жазғы универсиадасында жекелей есепте чемпион атандым.

- Осы биікке жету үшін қанша уақыт тер төктің?

- Негізі, бастауыш сыныптан бері осы спорт түрімен айналысып келе жатырмын. Нақтылы есептеп көрсем, 10 жылға таяу уақыт болыпты. Қабілетімді байқаған әкем Дастан Ерниязов 4-сыныптан бастап арнайы үйірмеге апарды. Алғашқы жетекшім Орал қаласындағы мектептен тыс жұмыс орталығының аға жаттықтырушысы Қанапия Қаяпбергенев болса, қазіргі таңда облысымыздың бас бапкері Дәулет Әбдікерімов баулып жүр. Тоғызқұмалақты өзім де қатты ұнаттым. Сондықтан болар, бапкерім қанша сағат үйретіп жаттықтырса да жалықпайтынмын. Жаттығудан да бір минутқа кешігіп көрген емеспін.

- Ал оқу ордасындағы бапкеріңіз кім?

- М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне келген уақыттан бері жанынан бір елі тастамай ертіп жүретін ұстазым – Бекбаев Сатыбалды Шамранұлы. Аға оқытушы, самбо күресінен КСРО спорт шебері, ардагерлер арасындағы Әлем Чемпионатының 2 мәрте қола жүлдегері. Дәл осы ісінің шәкірті болғаным үшін мақтанамын.

- Тоғызқұмалақ ойыны басқа спорт түрлері сияқты далада жүгіріп, спорт кешенінде жаттығатын дене қимылы емес. Ал, сіз тоғызқұмалақтан жарыстарға дайындық жұмыстарын қай жерде, кіммен бірлесіп өткізесіз?

- Рас, тоғызқұмалақ ойыны арнайы физикалық жаттығуды қажет етпейді. Мектеп қабырғасында оқып жүрген жылдары «Тоғызқұмалақ» клубына барып, бізден үлкен спорт шеберлерімен жаттығатынмын. Қазіргі таңда спарринг-қарсыласым бар. Жалпы, әр жарыс біткен соң мен таңдаулы,



жақсы ойналған ойындардың көшірмесін алып, үйге келіп сол ойындарды зерттеймін. Сосын келесі жарысқа сол ойындағы күрделі партиялардың құрылуына қарай дайындық жұмыстарын жасаймын. Негізі, отырып ойнайтын спорт түрлері қажырлықты қатты қажет етеді.

- Мамандардың зерттеуінше, әлемде тоғызқұмалаққа ұқсас, тақта үсті ойындарының 400-ден астам түрі бар екен. Басқа қандай ойын түрлерін білесің?

- Шынымен де дүние жүзінде тоғызқұмалаққа ұқсас ойындар өте көп. Мен үшін ол ойындар өте қызық, кейде зерттеулер жүргізім келеді. Бірақ, мамандығым оған сайкес келмейді. Сол ойындардың ішінде мангала, овари, калах, тағы басқа түрлері белгілі. Тоғызқұмалақ ойнай білетін адам бұл ойындарды тез әрі оңай меңгеріп кете алады. Себебі, бұл ойындар тоғызқұмалақ сияқты күрделі емес, ойын ережелері жеңіл.

- Ал тоғызқұмалақ ойыны қай жағынан қиын?

- Тоғызқұмалақ тектес ойындардың ішінде ең күрделі ойын - тоғызқұмалақ. Себебі, басқа ойындарда құмалақ немесе тас саны аз болады. Айталық, овари ойынында барлығы 48 тас, ал біздің тоғызқұмалақта 162 құмалақ бар. Қарсыласты жеңу үшін кем дегенде 82 құмалақ жинау қажет және басқа ойындардан тағы бір ерекшелігі - «тұздық» ережесі бар. Бұл ереже басқа ойындарда мүлдем жоқ.

- Қазір еліміздегі тоғызқұмалақ ойынының даму деңгейіне көңіліңіз тола ма?

- Қазіргі таңда тоғызқұмалақ ойынының даму деңгейі жаман емес. Бірақ, бұдан да жақсы болса екен деген тілегім бар. Қазақтың төл ойынын дүниежүзіне кеңінен таратсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

- Қазақтың ұлттық ойынына Еуропа елдерінің өзі қатты қызығушылық танытып отыр екен. Төл ойынымыздың

басты қасиетіне қысқаша тоқталып кетсеңіз...

- Тоғызқұмалақ мен үшін ғана емес, осы ойынды ойнайтындар үшін барлық жағынан қызықты. Жалпы, тоғызқұмалақтың басты жақсы қасиеті - адамға сабырлықты, қайсарлықты, тәуекелшілдікті, шыдамдылықты, әрқашан да дұрыс шешім қабылдауды, сондай-ақ, алға мақсат қоя білуді және сол мақсатқа жетуді үйретеді.

- Додадан бөлек уақытта немен айналысасың?

- Қазіргі таңда Азия чемпионатына қызу дайындық үстінде жүрмін, Орал қаласындағы «Санжар» интеллектуалдық мектебінде жас чемпиондарды даярлаймын. Жеткіншектерді ұлттық спорт түріне баулу бағытындағы жұмысым жеміссіз емес. Мәселен, жасөспірімдер арасында өткізілетін чемпионаттың іріктеу кезеңіне қатысқан бес шәкіртім жарысқа жолдаманы иеленді. Болашақта әлемдік деңгейде туған елдің көк байрағын желбіретер жеңімпаздар тәрбиелеуді басты мақсат етемін.

- Сұхбатыңызға рахмет, жетер жетістіктеріңіз көп болсын!!!

Құттықтаймыз!

Ресей жаратылыстану академиясының Президиумы техника ғылымдарының докторы, профессор Гали Сағынғалиұлы Ғұмаровқа «Ғылыми бағыттың негізін қалаушы» құрметті атағын берді. Ресей жаратылыстану академиясының Президенті, ғылым докторы, профессор, академик М.Ю.Ледванов қол қойған «Жаңа ғылыми бағыттар реестріне» енгізу туралы сертификат пен тиісті куәлік Ресей академиясының көктемі ғылыми іс-шаралар сессиясын (Мәскеу қ., РФ, 20-22 мамыр 2019 ж.). Өткізу кезінде профессор Г.С.Ғұмаровқа салтанатты түрде табыс етілді.

Профессор Г.С.Ғұмаровты құрметті атағымен құттықтаймыз және ғылыми-педагогикалық қызметте шығармашылық табыс пен жемісті еңбек тілейміз.



Спорттағы жетістік!

6-10 маусым күндері Ақтөбе қаласында тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасының X жазғы универсиадасы болып өтті.

Еліміздің 14 жоғарғы оқу орындарынан 80-ге жуық студент қатысты. 2 жылда бір келетін байрақты бәсекеде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің намысын қорғауға барған спортшылары алдыңғы қатардан көрінді. Атап айтсақ, қыздар арасында Ерниязова Ализа, Болысбай Сандұғаш, Шурина Үміттерден құралған құрама команда жалпы командалық есепте бас жүлдені иеленді. Сонымен қатар жекелей есепте Сагинбаев Жарасхан, Ерниязова Ализа чемпион атанса Болысбай Сандұғаш күміс медальға ие болды. Бұл облыс спортшыларының мықтылығын тағы бір мәрте дәлелдеді. Дүбірлі додаға студенттерін дайындап, бірге аттанған бапкерлері: Бекбаев Сатыбалды Шамранович. Жүйріктерді жеңістерімен құттықтап, алдағы асуларының көп болуына тілектеспіз!



ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басшыларын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.
Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Айзада ДЮСЕНОВА

ТІЛШІЛЕР: Сая ДҮЙСЕНБАЙ

СПОРТ-ТІЛШІ: Нұрлыбек НАУРЫЗБАЕВ

КОРРЕКТОР: Айзада ДЮСЕНОВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.: 50-41-46